



«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММІ Әдістеме - библиография бөлімі

Мәңгілік қазына қоймасы



**/Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы
облыстық мұражайына 50 жыл (1972)/**

(Жаднама)

«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме – библиография бөлімі

Мәңгілік қазына қоймасы

**/Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы
облыстық мұражайына 50 жыл (1972)/**

(Жаднама)

Арқалық қаласы 2022 жыл

ӘОЖ 379.4

КБЖ 97.1

М 23

Құраст., компьютер. терген: К. М. Аубакирова
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: К. М. Аубакирова
Шығарылымға жауапты: К. Б. Борибаева
Мұқабаны безендірілген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Ә. Қ. Ахметжанова

Мәңгілік қазына қоймасы [Мәтін] : (Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына 50 жыл толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі; [құраст.; К. М. Аубакирова ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова].
– Арқалық : [б.б], 2022. – 32 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына 50 жыл толуына арналған жаднама дайындады. Жаднамада Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы жайлы мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 379.4

КБЖ 97.

© К. М. Аубакирова

«Мұражай - өлке тарихының өзегі»



Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражай үйі өз шаңырағын тіктеді.



Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы 1972 жылдың 4 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 88 жарлығымен құрылып, 1973 жылды 28 шілдесінде алғашқы келушілерін қабылдады. Мұражайдың ашылуына себеп болған халық батыры Амангелді Имановтың 100 жылдық мерейтойы еді. Мұражайдың ашылу салтанатына республика басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзі катынасты.

Жаңадан ашылып жатқан облыстың мекемелеріне орын жетпей жатқанда, облыс басшысы Сақан Құсайынов бұрынғы Арқалық аудандық партия комитетінің үйін мұражайға бөлді. Музейдің фасады қазақтың ұлттық стилінде жасалынып, оған Торғай облысы сәулетшілерінің архитектуралық тәсіл элементтері пайдаланылды. Мұражайды құруда және архитектуралық көркем безендіруде воронеждік архитектор Петр Даниленко, челябілік мүсінші Бардкес Авокян, тақырыптық-экспозициялық жоспарын жасауға көрнекті ғалым, геолог-археолог Алан Медоев арнайы шақырылды. Музейдің экспозицияларын жасауға РСФСР –дің еңбегі сіңген суретшісі П. Ф. Судаков, Мәскеудің архитектура институты сурет және бейнелеу кафедрасының профессоры В.В. Руднев, Қостанай облысының бас археологы В.Н. Логвин, жергілікті суретші О. Теміреевтер еңбек сіңірген. Жәдігер қорына негіз болсын деп Қостанай, Ақмола, Орынбор мұражайларынан Торғай тарихына қатысты құжаттар сұратып алынды. Музей мүліктерін жинап, тақырыптық-экспозиция жоспарын жасауға және оның ғимаратын қайта жобалау ісіне белгілі қоғам қайраткері, сол кезеңдегі Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Ө. Жәнібеков пен оның тұңғыш директоры, журналист-жазушы Т. Рсаев көп еңбек сіңірген. Музейдің алғашқы директорлары Таңатқан Рсаев пен Тәшім Құсайынов жәдігерлер жинап, ізденіс танытса, экспозицияны

ұйымдастыру, мұражай жұмысын жандандыру үшін білікті маман қажет еді. Мәдениет министрлігінен сұрастыра отырып, он жылдан астам Ақтөбе облыстық мұражайында жұмыс жасап, тәжірибе жинаған Рысжан Ілиясқызына таңдау жасалынды. Рысжан Ілиясқызы өзінің «Қазына» атты кітабында: «Алғашқы жұмысты неден бастауды білмей абыржып жүрген біздерге Өз-ағаң талай салиқалы ойлар айтты. «Бұл даланың тарихын жинау әлі қолға алынған жоқ. Қазақтың қай өлкесінің де тарихы бай. Торғай да сол даланың бір бөлігі. Біз қолға түскеннен айырылмай, барды көрсете білсек, өлке тарихының іргетасы болуға жарайды» - деген сөздерін ілтипапен еске алады.



Өзбекәлі Жәнібеков – қоғам және мемлекет қайраткері, мұражайдың негізін салушы. Көрнекті ғалым, этнограф, ұлт руханиятының көшбасшысы. Өзбекәлі Жәнібеков қазақ даласындағы музейлердің ашылуына бастамашы болған тарихи тұлға. Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі қалаларына саяхаттап жәдігерлерді жинақтаған. Қазақстанның қай даласын болсын туған жеріндей көріп, бағына балаған. Жетпісінші жылдардың басында Торғай даласында, Арқалық қаласында этнографиялық мұражайдың ашылуына мұрындық болды. Тіпті сол мұражайдың алғашқы жәдігерлерін өз қолымен әкеп тапсырып, өлкеміздегі мұражай жұмысының өркендеуіне себепші бола білді. Өз қызметін адал да абыройлы атқарған абзал азаматтың есімін бүгінде Торғай халқы зор мақтанышпен айтады. Осы өңірдің мәдени тірлігін көтеріп, өнерді түлетуге өлшеусіз еңбек етті. Ұлтын сүйген, ұлттық құндылықтарды жоғары бағалаған Өзекең өнерлі азаматтардан өз көмегін аяған емес. Облыстық тарихи - өлкетану мұражайын қалыптастыруда істің бел ортасында болған Өзекеңнің мұражай экспонаттарын жинау барысындағы қарапайым да қызықты еңбегі өзгелерге үлгі болардай.

1997 жылы Торғай облысы таратылғаннан кейін ол Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы болып аталады.

Мұражай экспозицияларын аралап шыққанда, өңірдің бай тарихына қанығасыз. Қойнауы сырға толы киелі өлкенің талай-талай ғажайыптары мұражайды аралай бастағаннан-ақ сусыныңды қандырып, терең тылсымына жетелейді.

Музейде сақ дәуірі кезіндегі таза алтыннан құйылған әшекей бұйымдар, алматылық шебер Қырым Алтынбековтің жасаған сәукелесі, халқымыздың біртуар суретшісі Әбілхан Қастеевтің өз қолымен салған суреттері сынды

құнды жәдігерлердің түпнұсқалары сақтаулы. Торғай табанынан табылған зілдің сүйегі де бар. Кенесары Қасымовтың ұлт – азаттық көтерілісіне қатысқан торғайлық Сары Қошқар Батырдың сауыты, Шоңның Жүсібінің кісе белбеуі, ерекше шеберлікпен жасалған қыз баланың күміс белдігі, торғайлық Дәметкен Ысмағұлова тапсырған асадал мен төсекағаш және Өмірбеков Сүлейменнің алты қанатты киіз үйі мұражайдың бағалы жәдігерлері. Тарихи маңызға ие мәдениет ошағы уақыт көшіне ілесіп тың деректермен, құнды дүниелермен толыққан. Тарих қатпарынан сыр шертетін көне жәдігерлерді тек өңір тұрғындары ғана емес, шетелден келген азаматтар, белгілі қоғам, мәдениет қайраткерлері және ғарышкерлер ерекше әсермен қызықтаған. Т. Өубәкіров, Т. Мұсабаев, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, С. Досанов, Б. Төлегенова, Л. Кесоглу, Ө. Дербісәлі, И. Тасмағамбетовтар қолтаңбаларын қалдырып, ізгі ниеттерін білдірген. Қойнауы сырға толы киелі өлкенің талай-талай ғажайыптары мұражайды аралай бастағаннан-ақ сусыныңды қандырып, терең тылсымына жетелейді.

Тарихи маңызы бар мәдениет ошағының уақыт көшіне ілесіп тың деректермен, құнды дүниелермен толығына әр жылдарда басшылық қызмет атқарған Таңатқан Рсаев, Рысжан Ілиясова, Мәриям Жұмағұлова, Бағия Әбілдинова, Жұмағали Өмірбек, Гүлбану Елтебаева, Асхат Хасеновтердің және әржылдар мен кезеңдерде еңбек еткен ғылыми қызметкерлердің қажырлы да ізденімпаздыққа толы тындырымды, тыңғылықты жұмыстарының арқасында музей бүгінде толыққанды, бай мұрағатты орынға көне мұралы тарихи көмбесіне айналды.

Музей үйі күрделі жөндеуден өткізілді. Жөндеу жұмыстары мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды.

Алғашында мұражай А.Иманов пен Ө.Жангелдинге арналған Торғай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ретінде ашылған. 1998 жылдардан бастап «Дала өлкесі мұражайы ретінде атала бастады. Осы жылдар шеңберінде мұражай қорында 50 мыңға жуық экспонаттар жинақталды. Қазіргі таңда 75 мыңға жуық жәдігерлерді, 11 экспозициялық залға орналастырып келушілердің назарына ұсынған. Бүгінде сол Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз негізін қалаған мұражайдың ашылғанына 50 жыл толып отыр. Ата-бабамыздың ұлы да бай тарихымен басталатын, әр кез елінің рухын биіктетер, абройын асқақтатар, көкжиегін кең, кемел ойлы Өзағаң негізін қалаған қара шаңырақ келешек ұрпаққа өткеніміз бен бүгінімізді танытуда әлі де талмай жұмыс жасай бермек.

Мұражайы туралы әдебиеттер:

1. Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайы [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов – Алматы. 2013. – Б. 145–146.
2. Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайы [Мәтін] // Торғай өңірінің бас қаласы: құрылуы және даму болашағы =Главный город Торгайского региона : становление и перспективы развития : облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Арқалық, 2006. – Б. 25–30.
3. Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайы [Мәтін] // Детская энциклопедия. Ред. Е. С. Цвентух. Том 1. Арқалық – город сильных и стойких духом людей. Костанай, – 2005. – Б. 225–227.
4. Торғай өңірінің бас қаласы: құрылуы және даму болашағы=Главный город Торгайского региона : становление и перспективы развития [Мәтін] : облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары / Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. – Арқалық, 2006. – Б. 25–30.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

5. Жүнісұлы, Мұрат. Кейкі мерген ел есінде [Мәтін] : [«Дала өлкесі тарихы» музейінде Халық батыры Кейкі Көкембайұлына арналған музей сағаты өтті] / М. Жүнісұлы ; суреттерді түсірген автор // Қостанай таңы. – 2022. – 29 наурыз. – Б. 6.
6. Әуезхан, Ернұр. Көненің көзін сақтаған – қасиетті мұражай [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына 50 жыл] / Е. Әуезхан // ARQALYQ habary. – 2022. – 11 ақпан. – Б. 4.
7. Жүнісұлы, Мұрат. Туындының тұсауы кесілді [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық музейінде «Батпаққара көтерілісі» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті] / М. Жүнісұлы ; суреттерді түсірген автор // Қостанай таңы. – 2022. – 23 ақпан. – Б. 8.
8. Әуезхан, Ернұр. Көненің көзін сақтаған [Мәтін] : [этнограф Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Е. Әуезхан // Қостанай таңы. – 2022. – 25 ақпан. – Б. 8.
9. Жүнісұлы, Мұрат. Ұлы тұлғаны ұлықтады [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» музейі мемлекет және

- қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың 90 жылдық мерейтойына арналған «Өшпес із қалдырған Өзаған» атты көрмесін шырайлы Шымкент қаласында да паш етті] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2022. – 21 қаңтар. – Б. 16.
10. Асыл қазыналар аралы [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына – 50 жыл] / Е. Әуезхан, Ә. Әсел ; коллажды жасаған Қонысбай Шежімбаев // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 26 қаңтар. – Б. 12.
11. Жүнісұлы, Мұрат. Арқалық музейіне – 50 жыл [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы Қостанай облыстық Дала өлкесі тарихы музейі] / М. Жүнісұлы ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2022. – 28 қаңтар. – Б. 7.
12. Ұлы тұлғаны ұлықтады [Мәтін] : [этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың туғанына 90 жыл] / бетті дайындаған Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2022. – 28 қаңтар. – Б. 3.
13. Қирабаев, Серік. Ұлт мүддесіне өмірін арнаған [Мәтін] : [этнограф Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / С. Қирабаев // Қазақ үні. – 2021. – 31 тамыз. – Б. 10–11.
14. Сейдуманов, Серік. Ұлтжанды тұлға ұлағаты [Мәтін] : [этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / С. Сейдуманов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 19 тамыз. – Б. 5.
15. Жүнісұлы, Мұрат. «Музейлер шеруі» Арқалықта [Мәтін] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 19 мамыр. – Б. 8.
16. Айқадамова, Айтолқын. Көнеден жеткен жиһаздар [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» мұражайы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2021. – 2 ақпан. – Б. 6.
17. Құлабай, Нұрқанат. Арқалық музейіндегі көне жиһаздар [Мәтін] / Н. Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 13 қаңтар. – Б. 13.
18. Музейдегі ескі жиһаздар [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы] / бетті дайындаған Маржан Алпыс // Қостанай-АГРО. – 2021. – 21 қаңтар. – Б. 16.
19. Жүнісұлы, Мұрат. «Арқалық – аңыз қала» [Мәтін] : [мерекелік кеш] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 30 қазан. – Б. 6.

20. Жүнісұлы, Мұрат. «Рухани қазына-2020» [Мәтін] : [мұражай қызметкері Жанар Мұратқызы Қалиева туралы] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 30 қазан. – Б. 4.
21. Жүнісұлы, Мұрат. Музейге – 20 миллион [Мәтін] : [облыстық «Дала өлкесі тарихы» музейі] / Мұрат Жүнісұлы ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2020. – 28 тамыз. – Б. 2.
22. Тарихи нысан қайта жаңармақ [Мәтін] : [Дала өлкесі тарихи мұражайы] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2020. – 2 маусым. – Б. 7.
23. Жүнісұлы, Мұрат. Аудан музейі – Арқалықта [Мәтін] : [көрме туралы] / М. Жүнісұлы ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2020. – 25 ақпан. – Б. 8.
24. Жүнісұлы, Мұрат. «Рухани қазына» – қастерлі құндылық [Мәтін] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 13 мамыр. – Б. 6–7.
25. Жүнісұлы, Мұрат. Тарихы терең туынды [Мәтін] : [жаңа кітаптың тұсаукесері өтті] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 31 қаңтар. – Б. 23.
26. Жүнісұлы, Жақсылық. Торғайда бес мұражай бар [Мәтін] : [мұражайларды қалай сақтап қалу туралы мәселе] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2000. – 18 шілде. – 3 б.
27. Жүнісұлы, Мұрат. Алтын бұйымдар табылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 30 маусым. – Б. 2.
28. Байділдин, Шөптібай. Мұражай - ұлт байлығы, кітап - білім бұлағы [Мәтін] : Сол байлықты жоғалтып, білім бұлағын суалтып алмайық / Ш. Байділдин // Қостанай таңы. – 2019. – 12 сәуір. – Б. 11.
29. "Әділдік сардары" [Мәтін] : [сот төрешісі Қуантай Шынтеміровпен кездесу] / "Торғай-ақпарат" // Торғай. – 2018. – 16 қараша. – Б. 3.
30. Ермағанбетов, Дархан. Мұражай тарихи орындар экспозициясын жасады [Мәтін] / Д. Ермағанбетов // Арқалық хабары. – 2018. – 27 шілде. – Б. 1.
31. "Шерлі жылдар шежіресі" [Мәтін] : [ақын Файзолла Сатыбалдыұлын еске алу кеші] / "Торғай-ақпарат" // Торғай. – 2018. – 9 қараша. – Б. 3.
32. Аналар-асыл жандар [Мәтін] : [мұражайдағы шара] / "Торғай - ақпарат" // Торғай. – 2018. – 21 қыркүйек. – Б. 3.
33. Ергөбек, Құлбек. Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Қ. Ергөбек // Мәдени мұра=Культурное наследие. – 2018 . – № 1 . – Б. 45–58.

34. Амантайұлы, Дархан. Сан ғасырдың сырларын саф алтындай сақтаған [Мәтін] : облыстық Дала өлкесі тарихи мұражайына - 45 жыл / Д. Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2017. – 9 маусым. – Б. 3.
36. Қайсарбекұлы, Марат. Ұлт мұрасының ұясы - мұражай [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы туралы] / М. Қайсарбекұлы // Мәдениет. – 2015 . – № 9. – Б. 64.
37. Қасенова, Рая. Өз-ағаң негізін қалаған өміршең музей [Мәтін] : [Арқалық мұражайы туралы] / Р. Қасенова // Мәдени мұра. – 2016 – № 5. – Б. 50–54.
38. Қайсарбекұлы, Марат Мұражайдағы көріктер [Мәтін] : [көне заттар туралы] / М. Қайсарбекұлы // Торғай. – 2014. – 17 қазан. – Б. 3.
39. Жүнісұлы, Жақсылық. Мұражайдың 40 жылдығына арналды [Мәтін] : [қаламыздың дала өлкесі мұражай мерейтойы туралы] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2012. – 6 маусым. – Б. 8.
40. Жүнісұлы, Мұрат. Мұражайдың мұңын кім тыңдайды [Мәтін] : немесе " Дала өлкесі тарихы" мұражайына кім көмек қолын созады? : [сұхбат] / М. Жүнісұлы ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2016. – 6 сәуір. – Б. 6.
41. Портреттік кеш кейіпкері - Жұмағали Өмірбек [Мәтін] : [шығармашылық кеш] / [газ. ред.] // Арқалық хабары. – 2016. – 10 ақпан. – Б. 3.
42. Сәрсенғалиева, Майра. Мұражай-рухани және материалдық мәдениет ошағы [Мәтін] : [облыстық Дала өлкесі тарихи мұражайы] / М. Сәрсенғалиева // Торғай. – 2015. – 11 желтоқсан. – Б. 5.
43. Абдуллин, Әмірхан. Торғайдың тарихи орындары [Мәтін] : [аудан орталығындағы тарихи орындары туралы : суреті бар] / Ә. Абдуллин // Біздің Торғай. – 2012. – 17 сәуір. – Б. 2.
44. Бисалиева, А. Қазына аралына айналған мұражай [Мәтін] : [облыстық Дала өлкесі тарихы мұражайының қалыптасуы туралы] / А. Бисалиева ; Ақмарал Бисалиева // Арқалық хабары. – 2007. – 18 мамыр. – Б. 5. Қостанай таңы. – 2007. – 12 маусым. – Б. 5.
45. Қасенова, Рая. Өз-ағаң негізін қалаған өміршең музей [Мәтін] : [Арқалық мұражайы туралы] / Р. Қасенова // Мәдени мұра. – 2016. – № 5. – Б. 50–54.

46. Болатұлы, Бауыржан. Жылдар қазынасы жиналған орын [Мәтін] :
[қаламыздағы аймақтық мемлекеттік мұрағатына - 45 жыл : суреті бар]
/ Болатұлы Бауыржа // Арқалық хабары. – 2011. – 18 қараша. – Б. 4.
47. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры туралы ереже
[Мәтін] : [Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 қараша
№ 1863 қаулысы] // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.
– 2010. № 55. – Б. 110–114.
48. Төлегенов, Ш.Мұражайға [Мәтін] : [өлеңдер] / Ш. Төлегенов ;
Шахарбек Төлегенов // Арқалық хабары ; ("Шамшырақ "студент
жастар газеті). – 2007. – 25 мамыр. – Б.3.
49. Бисалиева, А. Қазына аралына айналған мұражай [Мәтін] : [облыстық
Дала өлкесі тарихы мұражайының қалыптасуы туралы] / А. Бисалиева ;
Ақмарал Бисалиева // Арқалық хабары. – 2007. – 18 мамыр. – Б. 5.
Қостанай таңы. – 2007. – 12 маусым. – Б. 5.
50. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Мұражайдағы мағыналы кездесу [Мәтін] :
[Торғай кен басқармасында еңбек ардагерлерімен кездесу] / Ғ.
Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 17 ақпан. – Б. 1.

Мұражай басшылары

Таңатқан Рысаев 1972.01.03
Тәшім Құсайынов 1972.20.10
Рысжан Ильясов 1973 – 1974
Мариям Жұмағұлова 1974 – 1980
Т. Ж. Махамбетов 1980 – 1981
Мәкен Бірманова 1981 –1982
Ислам Мизамбаев 1982 –1985
Бағия Әбілдинова 1985 –1997
Жұмағали Өмірбек 1997–2005
Ақмарал Бисалиева 2006–2010
Гүлбану Елтебаева 2010–2017
Асхат Қасенов 2017

«Көненің көзін сақтаған – қасиетті мұражай»



Ө. Жәнібековтың музейдегі кеуде мүсіні



Мұражайдың ашылуына, экспозициялық залдарының терең маңыздылықпен жабдықталуына көп көңіл бөлген өнер зерттеушісі, қазақ халқының ұлтжанды азаматы, үлкен жүректі ұлы, қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековке арналған экспозиция.



**Торғай өзенінің бойынан табылған
Зілдің қаңқасы.**

Табиғат бөлімінің экспозициясынан өлкенің сан алуан өсімдіктері мен жан-жануарларын көруге болады. «Сарқопа» қорығының панорамасынан қорықшада мекендейтін елік, қабан, ақбас тырна, үкі, қоқиқаз және сұңқылдақ аққу секілді сирек кездесетін жануарлар мен құстарды көруге болады.



Табиғат залынан көріністер.

«Арқалық – ғарыш айлағы» экспозициясынан келушілер, ғарышкерлердың жеке заттарымен, ғарышта қолданатын құрал-жабдықтарымен және тағамдарымен танысалады.



Мұражайға келушілер адам өміріндегі ең алғашқы кезең палеолит дәуіріндегі алғашқы адамдар, Торғай даласының Тоқанай елді мекені жанынан табылған қосақтап жерленген ерлі–зайыпты адамдардың сүйегі, қола дәуіріндегі тіршілік, андронов мәдениеті жайында кеңінен мәлімет ала алады.



Алғашқы адамдардың тұрағы



Қосақтап жерленген адам.



Арқалық ауданындағы Қожай елді мекенінен табылған Қожай коллекциясы.



Жылқы малын алғаш рет сақтар қолға үйрете бастады. Қазақстандағы ескі қорымдар мен ежелгі тұрақтардың орнына қазба жұмыстарын жүргізу барысында және жер жырту кезінде адам денелерімен қатар жан-жануарлардың сүйегі және ат-әбзелдері көптеп табылды. Солардың бірі біздің құнды жәдігеріміз Есіл ауданынан табылған ат-әбзелдерінің бірі **өмілдірік**.



1723 жылы қазақ даласына шабуыл жасап «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыратқан жонғарлардың бетін қайтарған 1729 жылғы атақты Аңырақай шайқасы болды.



XVIII ғасыр - ел тізгінін білгірлікпен ұстап, елге тұтқа болған Абылай, Әбілқайыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек сынды батырлардың ерлік заманы.

Сары Қошқар батырдың кіреуке сауыты бүгінде құнды жәдігерлерінің бірі



1864 жылы Торғайда алғаш мектеп ашқан, ұлы ағартушы, педагог, «Кел балалар оқылық...»-деп күллі қазақ балаларының санасын оятып, білім шырағын жаққан Ыбрай Алтынсарин атамыздың құнды мұралары да біздің экспозициямыздан орын алған.



1941-1945 жылдары аралығындағы Ұлы Отан соғысына арналған залдан отан қорғауға Торғай өңірінен аттанған екі жүз алпыстан астам соғыс ардагерлерінің фотосуреттері, құжаттары, орден-медальдары, комсомолдық-партия билеттерін көруге болады.





Тың игерушілерге арналған шатыр.

1918 жылы тамыз айында Кеңес үкіметі Қазақстанға оқ-дәрі, қару-жарак артқан экспедиция жіберді. Бұл экспедицияны Торғай өлкесінің сол кездегі төтенше соғыс комиссары Ә. Жангелдин басқарды.



«Қызыл керуен» экспедициясы.



Совет үкіметі орнағаннан кейін мәдени революция басталды. Мәдениет дами бастады. Мәдениеттің дамуына үлес қосқан, сол кездегі ұлттық музыка аспаптарында ойнаған ақын-жырау, күйші, қобызшылар болды.



Маңдайшаларының тұсына қызыл жалаулар ілінген киіз үйлердің ішінде елге насихат жүргізетін үгітшілер, дәрігерлік көмек көрсететін дәрігерлер, тағы сол сияқты халықпен жұмыс істейтін қоғам қайраткерлерінің жиналатын отау үйі.



Қазақ даласында завод, фабрикалар болмаған кезде, үлкен елді мекендерде зергерлік бұйымдар мен қару-жарақ соғатын, ат тағалайтын, басқада күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттар жасайтын ұсталар мен ұстаханалар болған.

Мұражайдағы ұстахана.

Торғай даласында ағаш шауып, темір жонып, алтын-күмісті балқытып әшекей бұйымдарын жасайтын он саусағынан өнер тамған шеберлер мен зергерлер де көп болған.



Зергерлік өнердің тамаша туындылары



Мұражайдың құнды жәдігерлерінің бірі – ХІХ ғасырда белгісіз араб шеберінің қолынан шыққан асадал мен төсекағаш



Қазақ халқының ежелден келе жатқан көшіп-қонуға ыңғайлы баспанасы-киіз үй.



Кигіз үйдің ішкі көрінісі



Ертеде қазақтың сал-серілері ер-тұрмандарын әдемілеп жаңартып, аттарын жаратып, түзү мылтық асынып, қолына қыран бүркіт қондырып, жүйрік тазысын ертіп сауық-сайран құратын болған.

Мұражайымыздағы бұл сәукеле Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың арнайы тапсырмасымен мәдени бұйымдарды қайта жаңғыртушы атақты шебер алматылық Қырым Алтынбековтың қолынан шыққан. Облыстық, республикалық көрмелерге қойылып, байқауларда бір неше рет жүлделі орынға ие болған.



Қазақ әйелдерінің бас киімі ішіндегі ең сәнді де әдемісі-сәукеле.

1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы, батыр Амангелді Имановтың портретін 1947 жылы Амангелді батырдың көзін көрген туыстарының айтуы бойынша халық суретшісі Әбілхан Қастеев салған.



А.Имановтың портреті.

1916 жылғы Торғайда басталған Ұлт-азаттық көтеріліске 50 мыңға таты көтерілісшілер қатысты, оған Әбдіғапар хан, Амангелді батыр, Кейкі батыр, Досай қажы Қалжігітұлы, Қосжан Маңыбайұлы, Қасымхан Алтынсарин, т.б. тұлғалар басшылық жасады.



1916 жылы 21 қазанда 4 мың көтерілісші Татыр көлі маңындағы казактар жүздігі мен Торғай уездік бастығының полиция отрядымен ұрыс жүргізген сәті.



Мүражай ұжымы. 1997 ж.



Мүражай ұжымы. 2022 ж.



Ұлы Отан Соғыс ардагерлері мұражайда 1997 ж.



Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында өткен іс-шаралардан естеліктер





Көненің көзін сақтаған - қасиетті мұражай

Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына 50 жыл

Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ғылым-білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін мекеме ретінде өскелең ұрпақтың бойында тарихи сананың қалыптасуына қабілет тудырады.

Қазақ тарихы үшін мәдени мұраны сақтау-стратегиялық маңызы бар мемлекеттік мәселе. Ұлттық дәстүр, әдеби және мәдени құндылықтар, тарихи жәдігерлер ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына.

Сол асыл қазыналарымызды бір кездері жоғалтып ала жаздағанмыз ақиқат. Оның әртүрлі себептері де жетерлік. Дегенмен, толық құрдымға кетті деуіміз негізсіз болар. Қандай дүниенің болсын жоқтаушысы, іздеушісі болатыны сөзсіз. Сонау жетпісінші жылдарға көз жүгіртсек, ел ішінде есімі ерекше аталатын тұлғалар жетерлік. Солардың бірегей көрнекті ғалым, этнограф, ұлт руханиятының көшбасшысы Өзбекәлі Жәнібеков, бастышы Сәукеленің жәнібеков.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ даласындағы музейлердің ашылуына бастамашы болған тарихи тұлға. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі қалаларына саяхаттап, жәдігерлерді жинақтаған, еңбегі ересен. Қазақстанның қай даласын болсын туған жерінде көріп, бағына балаған. Жетпісінші жылдардың басында Торғай даласында, Арқалық қаласында этнографиялық мұражайдың ашылуына мұрындық болды. Тіпті сол мұражайдың алғашқы жәдігерлерін өз қолымен әкеп тапсырып, өлкеміздегі мұражай жұмысының өркендеуіне себепші бола білді.

Бүгінде сол Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз негізін қалаған мұражайдың ашылғанына 50 жыл толып отыр. Алғашында мұражай А. Иманов пен Ә. Жангелдинге арналған Торғай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ретінде ашылған. 1998 жылдардан бастап «Дала өлкесі мұражайы» ретінде атала бастады. Осы жылдар шеңберінде мұражай қорында 50 мыңға жуық экспонаттар жинақталды. Қазіргі таңда 75 мыңға жуық жәдігерлерді, 11 экспози-




циялық залға орналастырып, келушілердің назарына ұсынған.

Айталық, алғашқы қауымдық құрылыстан жаңа заманымызға дейінгі тарихи-мәдени жәдігерлердің түр-түрі бар. Оның ішінде өлкемізден шыққан тарихи тұлғалардың қолданған дүниелері, ұлт-азаттық көтерілісте пайдаланған қару-жарақтар мен батырлардың жеке қолданған заттары, алашордашылардың еңбектері мен өздеріне тиесілі тұрмыстық бұйымдар, археологиялық қазба жұмыстары кезінде өлкемізден табылған түрлі қолданбалар, ұлы даламыздың табиғатын тұрақ қылған аң-құстардың, жан-жануарлардың бейнелері, сонымен қатар ұлы Торғай даласы мен Арқалық қаласының қойнауындағы қазба байлықтар мен жеткен жетістіктері. Сәлт - дәстүріміз бен тұрмыс тіршілігімізді баяндайтын әлемдік өнер туындыларына да өлкеміздің өнер туындылары да табылса. Қысқаша айтқанда ел-жердің тамыры терең тарихы мен тағылымға толы тіршілігін көруге болады.

Мұражайдағы ең құнды жәдігерлердің бірі «Сәукеле». Саукелені Ө. Жәнібеков өзі арнайы тапсырыспен Қырым Алтынбеков есімді шеберге жасатқан. Мақсаты қазақ қызының бағасын көтеру және ұрпақты ұлттық тәрбиемен сусындата отырып, безендірілген өрнектер арқылы Торғай өңірінің тұрмысын көрсету. Өзағаң тапсырған алғашқы жәдігерлердің бірі «Ағаш астаудың» да өзіндік тарихы бар. Астау ағашының асыл екенін білген тұлғаның кемеңгерлігін мойындамасқа болмас. Сонымен қатар қорымызда Кенесеры Қасымұлы бастаған көтеріліс батыры Сары Қошқардың да кіреуекесі, яғни, сауығы сақталған. Батырдың сауығы даламызға әлі күнге дейін батылдық қасиетін дарытып тұрғандай сезіледі. Тағы бір асыл жәдігерлердің бірі Амангелді батырдың қанжары. Қанжар мұражай ашылған жылдары тапсырылған. Батыр Гапбас Саламатұлы есімді сардарына ер-

баева, Ермек Серкебаев сынды өнер иелері мен ұлт жанашырлары бірнеше рет келіп, сыйлы қонақтарымызға айналды. Өлке тарихымен танысқан қонақтар таңдай қағып, тілектерін білдірген. Ол мұражайымыз үшін зор мақтанш, үлкен мәртебе.

Мұражай ғылыми зерттеу, ғылыми ағарту мекемесі болғандықтан, табиғи-тарихи ескерткіштердің, өлкедегі материалдық және рухани мәдениеттің негізгі сақтау орны болып та-



былады. Жұмыс мақсаты ғылыми зерттеу, жинақтау, сақтау, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауға ықпал жасау болып табылады. Мұрағаттарды және жеке тұлғаларды өлке тарихымен байланысты материалдарды зерттейді. Мекеме Ридифиддан жеткізеді. Өлкеміз жұмысы туралы жоспарлар мен есептер, ғылыми әдістемелік кеңес мәжілістерінің хаттамалары, экспедициялар мен ғылыми іс-сапарлар жөніндегі есептер, тақырыптық экспозициялық жоспарлар, жобалар мен эскиздер, экскурсиялар мен лекциялардың әзірлемелері, сын-пікір кітабы кіретін мұражайдың ғылыми мұрағатын қалыптастырады. Өлке тарихы мен мәдениетін баспасөз, радио және теледидар арқылы насихаттайды.

Сонымен қатар мұражай қаламыздағы барлық мәдени мекемелерімен, білім ошақтарымен, жоғары оқу орындарымен бірлесе жұмыс атқарады. Б. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенттерін іс-тәжірибиелік практикадан өткізіп, ғылыми қызметке даярлайды. Осындай сан түрлі салаға бөлінген қызмет түрлерін қызметкерлер бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесе жұмыс жасап жүргені мақтан тұтарлық. Қаламыздың дамуымен қатар, көркеіне өзіндік үлестерін қосып келеді.

Кызметкерлердің де жеткен

жетістіктері жетерлік. Бірі республикалық, облыстық мұражайлар байқауында үздік маңызы бар мұражай қызметкері атағын иеленсе, бірнешеуінің қаламыздың «Алтын жасар» кітабына есімі енген. Түрлі республикалық іс-шараларға көрмелер апарып, зор құрметіне бөленіп келеді. Облыс әкімі мен қала әкімінің «Құрмет» грамоталарының иегерлері қызмет жасайды. Өлкеміздің тарихы мен мәдениетіне байланысты бірнеше кітаптар шығарып, мәдениет министрiнiң де алыс жағын алған мамандар да бар. Сонымен қатар облыстық мұражайлар арасында «Үздік мұражай» атағын иеленді. Осылардың бәрі жетістікке жетіп, марапат алу үшін емес, асыл құндылықтарымызды дәріптеу үшін тынбай еңбек етіп келеді. Бұл күні еңбегінің жемісін көріп, жұмыстарын жетілдіруде.

Бастауын Өзағаң қалаған мұражай ғимараты 2020 жылы күрделі жөндеуден өткізіліп жаңа құрылымда жұмыс жасауға тапсырылды. Жаңа жәдігерлер мен, технологиялармен қамтамасыз етілді. Жас мамандар жұмысқа тартылып, даму қарқыны күшейіп келеді. Тек жәдігерлер тіпті экспозициялап, залдарға орналастыру жұмыстары негізін толық тапшай тұр. Ол үшін бюджеттен қаржы бөлініп жаңа стандартта орналастыру керек.

Алдағы уақытта ол жұмыстардың да реті бір жолға қойылады деп сенім білдіреміз. Дегенмен, жәдігерлерді уақытша көрме қою арқылы келушілердің назарына ұсынып отыр. Елу жылдық мерекені атап өту үшін де, түрлі жұмыстар мен жобалар жоспарлануда. Биылғы жылы айтулы мерейтой иелерінің құрметіне орай өткізілетін іс-шаралар да, атқаруға тиіс жұмыстар легі де ретін тауып жатыр.

«Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы» ұжымын биылғы 50 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарына сәттілік тілеймін. Шығармашылықтарыңыз дамып, жұмыстарыңыз алға басын. Айтулы жылда жақсы нәтижеге қол жеткізе беріңіздер. Ұжымдық бірліктеріңізге сызат түспей, өлкемізде өнегелі істің жаршысы атанғайсыздар. Еңбектеріңіздің жемісін көріп, жүлдиздарыңыз жаңа берсін!

Ернұр ӨУЕЗХАН,
Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының ғылыми қызметкері.

Арқалық хабары. – 2022. – 11 ақпан. – Б. 4.

Ұлы тұлғаны ұлықтады



Арқалық қаласындағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» музейі мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «Өшпес із қалдырған Өзағаң» атты көрмесін шырайлы Шымкент қаласында да паш етті.

Ұлы тұлғаның мерейтойына орай Шымкент қаласының орталық саябағында мемлекет және қоғам қайраткері Ө.Жәнібекке қойылған композициялық мүсіннің ашылу салтанаты өтіп, «Салт - дәстүр» орталығында «Дара» атты деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар бірнеше музейлерден келген жәдігерлер көрмесі өтті.

Көрмеге Арқалық қаласындағы Өзағаңның өз қолымен ұйымдастырған облыстық «Дала өлкесі» мұражайынан келген жәдігерлер, яғни: аңызға ай-

налған итаяқ - астау, Өзағаңның атақты шебер Қырым АЛТЫН-БЕКОВКЕ арнайы қолқа салып жасатқан сәукелесі, күміспен күптелген ер - тұрман, ат әбзелдері, Николай патша заманындағы ақ күмістен жасалған әшекей бұйымдар, кісе белбеулер т.б. құнды жәдігерлер тамашалаушыларды таң қалдырды.

Қарт Торғаймен араға алтын көпір болып, Өзағаңның 90 жылдық мерейтойына арналған іс - шараға қатысуына мұрындық болып отырған облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан ҚАЛІМАҚОВҚА, Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВҚА, Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВАҒА, музей директоры Асхат ХАСЕНОВКЕ, музей қызметкерлері Рая ХАСЕНОВА мен Рауан ТЕРЕККЕ тұркістандықтардың айтар алғысы шексіз.

**Бетті дайындаған
Дархан АМАНТАЙҰЛЫ**

ARQALYQ habary. – 2022. – 28 қаңтар. – Б. 3.

Арқалық қаласындағы "Дала өлкесі тарихы" облыстық музейі "Батпаққара көтерілісі" атты жаңа жинақты жарыққа шығарды.

Кітапқа 1929 жылы Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдастырылған наразылыққа қатысып, жазалауға ұшыраған тұлғалардың тізімі және Батпаққара көтерілісіне қатысты әр кезеңде жазылған зерттеулер мен мақалалар, естеліктер енгізілген. Жинақта Батпаққара көтерілісіне қатысушы тұлғалардың суреттері де берілген.

Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасының қолдауымен шығарылған бұл жинақ Қостанай қаласындағы "Қарлығаш" баспаханасында басылды. Көлемі – 286 бет. Жоба авторы – Арқалық қаласындағы "Дала өлкесі тарихы" облыстық музейінің ғылыми қызметкері, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі облыстық комиссияның мүшесі Батырлан Сағынтаев.

Кітаптың ақылдастар алқасы: тарихшы, өлкетанушылар – Мұхтар Қоденов, Шөптібай Байділдин, тарих ғылымдарының кандидаты Эльмира Наурызбаева, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының "Рухани жаңғыру" жобалық кеңсесінің басшысы Роман Айтмағамбетұлы, филология ғылымдарының кандидаты Айбек Қалиев, "Дала өлкесі тарихы" облыстық музейінің басшысы Асхат Хасенов.

Жинақтың құрастырушылары: Арқалық қаласындағы "Дала өлкесі тарихы" облыстық музейінің ғылыми қызметкерлері – Рауан Терек пен Батырлан Сағынтаев. Алғы сөзін жазған – тарих ғылымдарының кандидаты Эльмира Наурызбаева.

Кітап зерттеуші ғалымдар мен көпшілік қауымға арналған. Арқалық қаласы.



Қостанай таңы. – 2022. – 28 қаңтар. – Б. 24.

Мазмұны

1. «Мұражай - өлке тарихының өзегі».....	5–7
2. Мұражайы туралы әдебиеттер.....	8
3. Мерзімді басылымдарға жарияланған мақалалары тізімі.....	8–12
4. Мұражай басшылары.....	12
5. «Көненің көзін сақтаған – қасиетті мұражай».....	3–22
6. Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында өткен іс-шаралардан естеліктер.....	23–24
7. Баспасөз бетіндегі жарияланымдары.....	25–27

Шығ. жауапты:....К. Б. Борибаева
Құрастырушы:.... К. М. Аубакирова
Редакторы:.....Ә. К. Ахметжанова

Басуға 12.05.2022 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі: 0,5

Таралымы: 5

«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru

